

## **ХАТТАМА**

Уақыты: 12.10.2024

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, қамқорқоршылық кеңес мүшелері, топ комитеттері.

Өндірістік жинальыста қаралды.

## **КҮН ТӘРТІБІ**

Балабақшада қамқоршылық кеңес құру жұмысын ұйымдастыру

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына, " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығын нігізге ала отырып, балабақшадағы Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындау, Ережесен бекіту

Қамқоршылық кеңестің іс-шара жоспарын құру

I. Тыңдалды балабақша менгерушісі М.А.Жолбарысова - "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағында былай делінген: Білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдары құрылады. Білім беру ұйымын алқалы басқарудың нысандары, оларды сайлау тәртібімен қоса, жұмысты ұйымдастырудың үлгілік ережелерін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін білім беру ұйымының кеңесі (ғылыми кеңес), қамқоршылық кеңес, педагогтік, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми әдістемелік), кеңестер және басқа да нысандар бола алады. Сондықтан да, қазіргі таңда алдағы мақсат, Қамқоршылық кеңес құруды жоспарлау.

Менгеруші М.А.Жолбарысова №49 «Алтынай» МҚҚК балабақшасының қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің ЕРЕЖЕСІмен» таныстырыды.

### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

А.А.Абдуқадирова: Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары ЕРЕЖЕСІН интернет-ресурсында орналастыруды қажет деп санаймын. Қамқоршылық кеңестің құрылатындығы және оның құрамы бойынша ұсыныстардың қабылданатындығы туралы хабарландыру қазақ тілінде дайында отырып балабақшаның сайтына орналастыру керек.

Л.Б.Дүйсекурова: Қамқоршылық кеңеске мүше болуға топтардың ата-аналар комитеттеріне балабақшаның сайтына кіре отырып үміткер болуға келісімдерін әкімшілікке жазбаша негізінде жинақталады, топ тәрбиешілеріне ескерту қажет.

А.С.Туранова: Мекемеде 4 деңгейде Қайырымдылық шотын ашу қажет. Шотқа түскен қаражат туралы ақпаратты Қамқоршылық кеңес мүшелеріне хабарланып отыру қажет.

## **ҚАУЛЫ ЕТТИ (шешім):**

1. Балабақшада қамқоршылық кеңес құру жұмысын ұйымдастырылсын
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібі айқындалып, Ережесі бекітіліп балабақша сайтына орналастырылсын.
3. Қамқоршылық кеңестің құрылатындығы туралы хабарландыру сайтқа орналастырылсын, Қайырымдылық шотын ашу балабақша есепшісіне жүктелсін
4. Қамқоршылық кеңестің іс-шара жоспарына сай, жұмыстар жүргізілсін

Төраға

М.А.Жолбарысова

Хатшы

А.Абдалиева